

REPORTS OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
ISSN 2224-5227

Volume 6, Number 6 (2014), 142 –145

## BASIC PRINCIPLES OF DECISIONS OF PROPERTY DISPUTES ON CUSTOMARY LAW IN THE TRADITIONAL SOCIETY OF THE KAZAKHS

N.K. Mynbatyrova

nurlaiym@mail.ru

Kazakh national university named after Al-Farabi, Almaty

**Key words:** kazakh traditional society, property disputes, legal principles, court of bies, the agreement, decision, clan, tribe

**Abstract.** The article devoted to the court decisions of Kazakh biy, which made in the consideration of property disputes. This article analyzes the characteristics of solutions of property disputes, the legal nature of the covenants and oratorical utterances of Kazakh biy. In the article the problem of the legal nature of the property relations of the Kazakhs is illuminated in close connection with its moral and ethical bases.

УДК : 340.155 (574)

## ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА ӘДЕТ-ҒҰРЫП ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША МАЛ-МҮЛІК ДАУЛАРЫН ШЕШУДІҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Н.Қ. Мыңбатырова

nurlaiym@mail.ru

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қаласы

**Тірек сөздер:** дәстүрлі қазақ қоғамы, мал-мүлік дауы, құқықтық қағида, билер соты, бітім, шешім, ру, тайпа.

**Аннотация.** Жұмыстың мақсаты – дәстүрлі қазақ қоғамында билер сотының мал-мүлік дауын шешу бағытында ұстанған қағидаларының, қолданған нормаларының ерекшеліктерін зерделеу болып табылады. Кейбір билік шешімдер негізінде қазақ билерінің мал-мүлік даулары саласындағы бітімгерлік шеберлігіне талдау жасау көзделеді. Жұмыстың методологиялық негізін жалпы танымдық принциптер мен арнайы ғылыми әдістердің іштей бірлігі мен байланысы құрады. Жұмысты орындауда жүйелік, тарихилық, салыстырмалы сараптау әдістері қолданылды. Мал-мүлікке байланысты туындаған дауларды шешу барысында қара қылды қақ жарған қазақ билері ақтық пен әділдік қағидаларын жоғары ұстаумен қатар, мал-мүлік иесінің талабы үдесінен шығуға тырысты. Нақақтан біреудің мал-мүлкін ұрлаған немесе иеленген жандардың айыбын беттеріне басып, оларды ел алдында әшкерелеп отырды. Осы бағыт-бағдар, қағида-құндылықтардың талаптары аумағында сот шешімдерін қабылдау үшін судья-билер бар қажыр-қайратын, ақыл-білімін, шешендігі мен шеберлігін пайдаланды. Автордың қол жеткізген нәтижелерін құқықтық саладағы реформаларды жүргізу барысында халықтың дәстүрлі құқықтанымын ескеру бағытында пайдалануға болады. Заң факультетінде мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, құқықтық және саяси ілімдер тарихы пәндерін оқыту процесінде қолдануға болады.

Көшпелі қазақ қоғамында кең тараған даулардың бірі – мал дауы еді. Бағзы заманнан бері мал шаруашылығымен айналысқан халық арасында мал үшін талас-тартыстың молынан орын алуы таңқаларлық жәй болмаса керек. «Мал ашуы – жан ашуы» деп есептейтін қазақ төрт түлік үшін туындаған ерегіс өзара келісім арқылы бітпей жатса, ондай таластарын би алдына дейін барып шешуден еш тайынбайтын.

Қазақ қоғамында мүлік үшін талас та негізінен мал шаруашылығында пайдаланатын немесе мал

шаруашылығымен байланысты мүлікке таластан туып жататын. Айталық, малдың терісі үшін, немесе ер-тоқым, қамшы, киіз-алаша, киіз үй жабдықтары сияқты мүлік түрлері үшін дау-дамай аз болмайтын. Мүлік дауының екінші бір түрі – керуен талаудан бастау алатын даулар еді. Мұндай даулар, әсіресе жаугершілік замандарда өршіп кететін.

Қазақ халқының тарихында ерекше орын алатын ұлы билеріміз де өз заманындағы ірілі-ұсақты мал-мүлік, керуен дауларының куәгері ғана емес, ең беделді әрі белді бітімгерлері бола білді. Бұл дауларды шешу барысында қара қылды қақ жарған қазақ билері ақтық пен әділдік қағидаларын жоғары ұстаумен қатар, мал-мүлік иесінің талабы үдесінен шығуға тырысты. Нақақтан біреудің мал-мүлкін ұрлаған немесе иеленген жандардың айыбын беттеріне басып, оларды ел алдында әшкерелеп отырды.

Қазақ хандығы тұсындағы мал-мүлік дауларына бірнеше ерекшеліктер тән еді. Бұл ерекшеліктердің негізінде осы кезеңде көрші елдермен болған әскери қақтығыстар жатты. Әсіресе, қазақ-жоңғар арасындағы соғыс қимылдары мал-мүлік дауларын шамадан тыс ушықтырып екі ел арасындағы мұндай талас-тартыстарды шешу бейбіт соттық жолдан гөрі, көбіне әскери сипат алып кетіп отырды. Бұл дәуірдегі мал-мүлік дауларының тағы бір ерекшелігі – олардың «керуен дауы» нысанын иемденіп, осы формада жиі кездесуі еді. Ал, мұндай дауларды шешу онайға түспейтін. Біріншіден, керуенді талан-таражға түсіргендерді табу және ұстау қиын болса, екіншіден, қолды болған мал-мүлікті қайтару да дауды шешуші билердің беделі мен күшінің жеткілікті дәрежеде болуын талап ететін. Сондықтан мұндай дауларға елге кеңінен танымал, атақты әрі шешімін іске асыруға әлі келетін халық күшіне сүйенген айбарлы билер шақырылатын. Бұл уақыттағы мал-мүлік дауларының тағы бір ерекшелігі олар кейбір жағдайларда әдейі ұрлықтан пайда бола бермейтін. Жаугершілік заманның сипатына сай бұл дау-дамайлар жаудан қайтып алған мал-мүлікті бөлу нәтижесінде, немесе, адасып кеткен төрт түлікті біреудің тауып алуы, екіншісінің танып қалуы сияқты оқиғалар негізінде туындап жататын. Әділ билеріміз өз заманындағы белгілі де белгісіз, үлкенді де кішілі мал-мүлік дауларының әділ бітімгері болудан жалыққан емес еді.

Бізге дейін ауызша және жазбаша деректерге бойынша, ұлы билеріміздің барлығы дерлік мал-мүлік дауларына жастайынан араласа бастаған. Сондықтан да болар олар мұндай дауларды шешу барысында ертеден қалыптасқан қағидалар мен жол-жораларды кеңінен қолданып, көптеп пайдаланады. Сондай қағиданың бірі «Тапқан қуанады, таныған алады» деп аталатын және оның мәні – мал-мүлікті тауып алған адам тапқанын өз меншігі қылып ала алмайды. Ол сол мал-мүліктің иесінен сүйінші алуы мүмкін, ал егер иесі дер кезінде табылмай, бірақ кейін, уақыт өте өз мал-мүлкін танып жатса, және олардың шын мәнінде өзінікі екендігін дәлелдей алса, онда оның мал-мүлкі өзіне қайтарылады. Мысалы, Төле би шешкен осындай даулардың бірі «бота дауы» деп аталады. Бұл дауды Төле бала кезінде шешкен. Әңгіме желісі бойынша бота жоғалтқан кісі бес жылдан кейін, бір керуен басының түйелерінің арасынан бір түйені танып, осы менің бота кезінде жоғалтқан малым деп даулайды. Төле дауды шешу үшін бұрынғы бота (қазіргі түйенің) енесін әкеліндер деп бұйырады. Дауласушы екі жақ ботаның анасы мынау деп екеуі бір-бірден екі мая-аруананы алып келеді. Төле жоғалған түйеге қыл бұрау салып бұрайды. Бұрау жанына батқан түйе бозданғанда «жоғалттым» деген кісінің маясы көзінен жасы парлап, бұйдасын жұлқа тартып, атанның үстіне түседі, иіскелеп, қасына шөгеді. Ал керуен басының маясы алдындағы шөбін жеп тұра береді. Сонда Төле би: «Ботасын жоғалтқан кісі дүниені еңбекпен тауып еді. Мұның беті жарық болып тұр. Ал түйекеш-саудагер еңбексіз тауып, жұртты алдап, тегін тауып еді. Енді мұның беті шарық болып тұр... Сүйегіне таңба басылды. Беті күйіп шарық болғаны да жетеді. Бұдан артық жаза жоқ. Бар жөнел!» - депті. [1, 225б.]

Әрине, бұл әңгіме аңыз сияқты болып көрінгенімен, оның негізінде ұлы бидің байқампаздығын, төрт түлік малдың сыр құпиясын жақсы біліп, жете меңгергендігін паш ету жатыр. Сонымен бірге Төленің жастайынан-ақ шындыққа көз жеткізу үшін небір тосын іс-қимылдарға барып, өз шешімінің халық алдында қалтқысыз болуына ұмтылғандығын көреміз. Ол еңбекпен тапқан мал-мүліктің иесін әркез қолдап, ұры-қарының өтірігін ел алдында әшкерелеп отырған.

«Тапқан қуанады, таныған алады» формуласына Төле Әлібекұлы өз өмірінде талай сүйенгені байқалады. Айталық, Төле шешті деп ел аузында сақталған әңгіме-деректің тағы да бірінде мынадай оқиға баяндалады. Жоңғарлармен ақтық айқасқа түскен қырық жігіт ауылға жеңіспен

оралады. Екі-үш жыл жау қолында болған төрт түлік малды шұрқыратып айдап келеді. «Жаудан қайтқан мал олжа» – деп халық малды бөлісіп алады. Ауылдың жалбыр шапанды, көн етікті, жалғыз есекті кедейі көп малдың ішінен өз түйесін тани кетеді. Бірақ түйені иемденген кісі оны кедейге бере қоймайды. Кедей Төле биге келіп түйесінің белгілерін айтады. Оған байлардың жүгін артып, Самарқандқа екі-үш барып қайтқанын да тілге тиек етеді. «Әр сапарымда есекке мініп жетелеп жүрген түйем еді» – деп те қалады. Би түйені иемденіп жүрген адамға «жетектеп кел»-дейді. Ол түйені тайраңдатып қуып келеді. «Неге жетектеп келмедің?» - деп сұрақ қойылған кезде түйенің жетекке ермейтінін айтады. Осы уәжден кейін би кедейге: «Түйені сен жетегіңе алып көрші,» - дейді. Кедей есегіне мініп, түйе бұйдасын қолына алады. Сөйтіп ол жалғыз аяқ жолға түсісімен атан түйе артынан бүлкілдеп ере жөнеледі.

«Түйе осы жігіттікі.» - дейді Төле би қалың жұртқа қарап. [1, 323 б.]

Бұл әңгімеден, ең алдымен, жаугершілік заманның жойқын да қатыгез сарыны сезіледі. Жоңғарлармен болған соғыс жылдарында халықтың мал-мүлкі талай рет талан-таражға түскені белгілі. Сондай-ақ өз кезегінде қазақтар да жоңғар ауылдарын шауып олжаға кенелген.

Екіншіден, осындай аласапыран заманның өзінде халық өзінің жол-жорасын ұмытпаған. Сондай құқықтық қағиданың бірі «Тапқан қуанады, таныған алады» болса, бұл қағида қазақ билерінің тарапынан бұлжытпай әрі шеберлікпен орындалушы еді. Үшіншіден, билер үшін дау шешудегі басты мақсат – әділдікті орнату екендігі осы мысалдан анық-айқын көрінеді.

Төленің «Тапқан қуанады, таныған алады» қағидасына сүйеніп шешкен дауларының қатарына қаракесек Қойкелді байдың өз атын даулап биге келіп, ол дауды Төле бидің Қойкелдінің пайдасына шешкен дауы. Ел аузындағы әңгімеге сәйкес «Қаракесек Қойкелді байға он жеті мың қой бітіпті. Сол Қойкелді бай қойының түсін білмейді, сүйегінен таниды екен», Қойкелді бір үлкен аста бәйгені жеңіп алған Азына байдың бесті құласын «менің атым» деп даулайды. Дау ұзаққа созылып, ақыры олар Төлеге келеді. Төле Қойкелдіге бір көген қозыны көрсетеді де, осы қозылардың даладағы отар қойдан еселерін тауып келуді бұйырады. Қойкелді бір қосақ қойды ұстап алып келіп қозыларға қосқанда барлық қозылардың еселері дұрыс табылған болып шығады. Сонда Төле Азына байға: «Мына Қойкелді менің қойшым емес, көрмеген қозының енесін әкеліп табыстырды. Сен, бай, шыныңды айт, құла аттың яки құла биенің қандайлық күдігі бар.» - дейді. «Менде күдік жоқ десе де болады. Нұра өзенінің Қойкелдімен екеуіміз екі жағындамыз. Менің кенжелеу құла қулығым бір күні құлындап, құлыны жоқ болып келді. Келесі күні далада жас құла құлын жылқымда еріп жүр. Құла биенің құлыны деп салып едік алмады, жатырқап қалған ғой деп ақыры теліп еміздік. Міне, осыдан басқа күдігім жоқ.» - деп Азына сөзін бітіреді.

Сонда Төле би Азынаға айтады: «Қойкелдінің екі дәлелі болды. Бірі, Шортанбайда қонақ болып отырып, жамбастың сүйегін танып, Шортанбайды мойындатты. Екінші, мына бір көрмеген қозының енесін даладан әкеліп тапсырды. Осы дәлелмен сіздің «биені теліп еміздік» деген сөзіңізге қарағанда, ат Қойкелдінікі» - деп билік айтады. Осы билікке екі бай риза болып қайтыпты. [2, 157 б.]

Бұл дау – «Тапқан қуанады, таныған алады» қағидасының классикалық түрде қолданылған үлгісі. Себебі, Азына бай ұры емес, ол Қойкелдінің құлынын қателесіп өзінікі деп сіңіреді. Ал Қойкелді өз құлынын айнытпай тауып, оның өзінікі екендігін бұлжытпай дәлелдейді. Төле би Қойкелдіге өз малының шын мәнінде өзінікі екендігін көпшілік алдында дәлелдеудің жолын көрсетіп, сол арқылы көне қағиданың әділдікке қызмет істеуіне жағдай жасайды. Төленің ұлы би есебіндегі еңбегі де осында еді. Жоғарыда келтірілген Төленің биліктері оның осы көне де болса дана қағиданың шебер де тапқыр, білгір де бірегей орындаушысы әрі қолданушысы екендігін көрсетеді.

Мал-мүлік дауына байланысты Төле бидің әдет құқығына енгізген жаналығының бірі – оның осы салада қолданылатын жазаларды өз заманына сай қайта қарап, бір жүйеге келтіруге әрекеттенген іс-шаралары.

Мал-мүлік ұрлаған адамға әдетте билер соты мынадай жазалар жүйесін қолданған. Біріншіден, ұрыдан ұрланған мал-мүлікті өндіріп алып, оның ұрлығын ел алдында әшкерелеп, бетіне басқан, сөккен. Мұны ұрының «беті шарық» жазасы деп атауға болады. Бұл жаза әдетте, «Тапқан қуанады, таныған алады» процедурасын қолданған кезде, тауып алған адам тапқанын жасырып, мал-мүлікті иесіне қайтарғысы келмей «мал-мүлік менікі» деп сіңіргісі келгенде қолданылады. Екіншіден,

ұрланған мал-мүлікті иесіне қайтарып, ұрының «енді ұрламаймын» деген ел алдында уәдесін алып, оны еңбек етуге мәжбүрлеу. Ұры ел алдында енді адал еңбек жасаймын деп уәде берген. Үшіншіден, мал-мүлікті қайтарып, оның үстіне ұрыға айып төлету. Яғни бұл кезеңде билер соты дәстүрлі «айып» институтын одан әрі тереңдете, байыта түскен. Сөйтіп өз дәуіріне сай оның қолданылу өрісін кеңейтіп әрі жаңартқандығы белгілі [3, 16 б.]. Мысалы, Төле би «қанжыға бау ұрлаған ат-шапан айып төлеуі керек» - деп шешеді. Бұл шешімін «Қанжыға тон сақтайды, тон жан сақтайды» – деп мәнерлейді. Ал, шідер ұрлаған үш бесті ат төлеуі тиіс деп шешеді. Бұл шешімі ел аузында «Шідер - қос, арқан – дос, тұсау – бос» деген нақыл сөзбен белгілі. Кейін Төле бұл шешімін қайта қарап, тіптен, тұсау ұрлағанның өзіне жазаны күшейтеді, енді ұры тұсау ұрлағаны үшін ат бастатқан тоғыз айып төлеуі керек еді. Бұл шешімін ол «тұсау ат сақтайды, ат ер сақтайды, ер ел сақтайды» деп өрнектейді. Әрине, жазаны бұлай қатаңдату жаугершілік заман талабынан туғаны түсінікті болса керек.

Қорыта келе айтарымыз, Қазақ хандығы тұсында билер мал-мүлік дауын шешу барысында бұрыннан келе жатқан дәстүрлі қағида-нормаларды қолданып қана қоймай, оларды уақыт ағымы, заман талабына сай өңдеп, жаңартып та пайдаланып отырды. Сонымен бірге жаугершілік уақыттың ерекшелігін ескеріп мал-мүлік ұрлығына қарсы жазаларды күшейтті. Әділ билер бұл дауларды шешу барысында да әділеттілік пен ақтықты қорғай отырып, осы мақсатқа жету барысында істің ақ-қарасын ашу үшін сот процесі үстінде небір тосын эксперименттерге соттық тергеудің жаңа түрлерін қолдануға барып отырды.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық / Бағдарлама жетекшісі: С.З.Зиманов. 1-том. –Алматы: Жеті жарғы, 2004. -632 б.  
 [2] Өзбекұлы С. Көшпелі қазақ өркениетіндегі құқық. Право кочевой цивилизации казахов. Монография. –Алматы: «Мектеп», 2002. -224 б.  
 [3] Айтқұлова Н.Л. Институт «Айып» в обычном праве казахов. Автореферат на соискание ученой степени кандидата юридических наук. Алматы, 2002. -26 с.

#### REFERENCES

- [1] Kazaktyн ata zandary: kuzhattar, derekter zhane zertteuler. 10 volms / Bagdarlama zhetekshisi: S.Z.Zimanov. 1 vol. - Almaty: Zheti Zhargy, 2004. -632 p. (in Kaz.)  
 [2] Uzbekuly S. Koshpeli kazak orkenietindegi kuckyk. Pravo kochevoi civilizacii kazahov. –Almaty: Mektep, 2002. -224 p. (in Kaz.)  
 [3] Aytkulova N.L. Institut “Aiyр” v obychnom prave kazahov. Aftoreferat na soiskanie uchenoi stepeni kandidata iuridicheskikh nauk. –Almaty, 2002. -26 p.

#### Основные принципы решения имущественных споров по обычному праву в традиционном обществе казахов Мынбатырова Н.К.

**Ключевые слова:** традиционное общество казахов, имущественные споры, правовой принцип, суд биев, соглашение, решение, род, племя

**Резюме.** Статья посвящена исследованию судебных решений казахских биев, вынесенных при рассмотрении имущественных споров. Анализируются особенности решения имущественных споров, правовая сущность заветов и ораторских изречений казахских биев. В статье проблема о юридической природе имущественных отношений у казахов освещается в неразрывной связи с ее нравственно-этическими основаниями.

Сведения о авторе:

Мынбатырова Н.К. - кандидат юридических наук, доцент кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права КазНУ им. аль-Фараби  
nurlaiym@mail.ru

Data of author:

Mynbatyrova N.K. - a candidate of juridical science, associate professor of department of theory and history of the state and law, constitutional and administrative law, law faculty of Al-Farabi Kazakh National University.  
nurlaiym@mail.ru

Поступила 26.08.2014 г.